ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылы 26 желтоқсан No7119-24-00-2/16414 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
«БАЙБАЛА ДАМУ» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» ШЖҚ РМК-ның жауапкер «БАЙБАЛА ДАМУ» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«БАЙБАЛА ДАМУ» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«БАЙБАЛА ДАМУ» ЖШС-нан Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» ШЖҚ РМК-ның пайдасына 3 456 (үш мың төрт жүз елу

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 26.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 07.02.2025, судья Абенова А. Ч., 07.02.2025
7119-24-3-1/15996

алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 104 (бір жүз төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«БАЙБАЛА ДАМУ» ЖШС-нан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

2024 жылғы 29 қарашадағы No2876 төлем-тапсырмасы бойынша артық төленген 1 621 (бір мың алты жүз жиырма бір) теңге мемлекеттік баж тиісті бюджеттен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» ШЖҚ РМК-ге қайтарылсын.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 26.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 07.02.2025, судья Абенова А. Ч., 07.02.2025
7119-24-3-1/15996